

6D012000-Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбында орындалған Бермухамбетова Ботагоз Булатовнаның диссертациялық жұмысына ресми рецензент педагогика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры Менлибекова Гульбахыт Жолдасбековнаның

СЫН-ШҚІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясының «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары» атты төртінші бағытына сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясындағы 4-ші бағытта белгіленген міндеттерді шешуге бағытталған.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссиямен бекітілген ғылымды дамытудың «Білім беру мен ғылым саласындағы зерттеулер» негізгі бағытымен сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған, өйткені «құқықтық құзыреттілік» ұғымының жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыруда нақтылануы модель

			компоненттерін, әдіснамалық тұғырларын, ұстанымдары және мазмұндық, өлшемдік-деңгейлік сиппатамасын әзірлеуге мүмкіндік берді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Өзі жазу деңгейі: жоғары. Диссертацияның зерттеу нәтижелерінің дәйектілігі, мақұлдануы, сынақтан өтуі философиялық, педагогикалық және психологиялық еңбектердегі теориялық және әдіснамалық тұжырымдарға негізделуінен айқын көрінеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі ғылымның даму деңгейі мен қоғамдық сұраныстарға байланысты негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны «Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» атты диссертация тақырыбын айқындайды. Диссертация мазмұны «Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері», «Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін модельдеу», «Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне арналған тәжірибелік эксперименттік жұмыс» атты үш бөлімде жүйелі түрде көрініс тапқан.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтау, оның педагогикалық шарттарын анықтау және тәжірибелік эксперимент арқылы тиімділігін дәлелдеу болып табылады. Мақсат зерттеудің жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру теориялық-әдіснамалық тұрғыдан

		айқындау; жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындау; жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделі жасау; моделдің тиімділігін тәжірибелік эксперимент арқылы дәлелдеу және әдістемелік жағынан қамтамасыз ету міндеттеріне сәйкес келеді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан. Диссертацияның «Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» (жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің психологиялық-педагогикалық еңбектерде зерделенуі, әдіснамалық тұғырлары мен ерекшеліктері қарастырылады), «Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін модельдеу» (жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі, педагогикалық шарттары мен кәсіби даярлықтың жоспарланған нәтижесі ретінде құқықтық құзыреттілік қарастырылады), «Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне арналған тәжірибелік эксперименттік жұмыс» (жоғарғы оқу орындарында студенттердің құқықтық құзыреттіліктерін қалыптастырудың бастапқы жағдайы, әдістемесі мен зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс және оның нәтижелері сипатталады) атты үш бөлім мен құрылымы өзара логикалық бірізділік негізінде толық байланысқан.

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар. Диссертацияда автор келесі жаңа шешімдерді (қағидаттарды) ұсынған: жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру теориялық-әдіснамалық тұрғыдан айқындалды; жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделі негізделді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа жаңа болып табылады, өйткені диссертацияда жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру теориялық-әдіснамалық тұрғыда зерттеліп, «құқықтық құзыреттілік» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланды; - жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалды; - жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделі жасалып, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері анықталды; - модельдің тиімділігі диагностикалық, теориялық, практикалық кезеңдерден тұратын әдістеме арқылы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері негізінде дәлелденді, әдістемелік ұсыныстар дайындалды.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Біріншіден, жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық негіздері айқындалып, «Құқықтық құзыреттілік –

	3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	адамның өзінің әлеуметтік мінез-құлқын құқықпен және қоғамда қолданылатын басқа да нормалармен өлшеуге мүмкіндігі мен ұмтылысын анықтайтын қабілеттер мен жеке-ерікті көзқарастардың жиынтығы» деген анықтама ғылыми айналымға енгізілген; екіншіден, жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары (аксиологиялық, әрекеттік, әлеуметтік-мәдени, ақпараттық-семиотикалық, жүйелілік, тұлғааралық, құзыреттілік, интегративтік, рефлексивтік, технологиялық) мен ұстанымдарын (жүйелік-бірізділік, құрылымдық функционалдық бірлік, дәстүрлі және инновациялық сәйкестік) құқықтық құзыреттілікті қалыптастыру арқылы жүзеге асырумен сипатталды: модернизация идеялары (нормативтік-құқықтық құжаттарының негіздерін білу), әлеуметтік ортаға бейімделу (білім беру процесі кезеңінде студенттердің өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ете білу) айқындалған; үшіншіден, жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру – бір-бірімен өзара байланысқан мотивациялық-құндылық, когнитивті-процессуалдық және практикалық бағалаушылық компоненттер жиынтығынан тұратын құрылымдық-мазмұндық моделі негізделген.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және ғылыми тұрғыда талаптарға сәйкес негізделген.

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің теориялық негіздері айқындалып, философиялық, психологиялық-педагогикалық еңбектерге талдаулар жасалып, жұмыста оларға сипаттама берілді. ЖОО техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары жүйеленді. Бірінші педагогикалық шарт – құқықтық құзыреттілікті болашақ мамандардың кәсіби маңызды қасиеттері жүйесіне енгізу. Бұл шарт маманның кәсіби қызметіндегі құқықтық білімнің маңыздылығын растайтын практикалық мысалдар арқылы жүзеге асырылды және кәсіби қызметті реттейтін нормативтік құжаттармен дәлелденді. Екінші педагогикалық шарт – техникалық факультет студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың кешенді тәсілі және құқық пәнін оқытуда пәнаралық байланыстарды қолдану арқылы жүзеге асырылды. Үшінші педагогикалық шарт ретінде құқықтық пәндерді оқыту үдерісінде заманауи әдістер мен технологияларды кешенді қолдану. Жоғары оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, жоғары оқу орны техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыруды нәтижелі ететін «Основы правовых знаний» элективті пәннің бағдарламасы; «Құқықтық құзыреттіліктің қалыптастырудың педагогикалық негіздері», «Инженерлік-техникалық бағыттағы білім алушыларға арналған құқықтық жағдаяттық тапсырмалар даярланды.
7.	Қорғауға шығарылған	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:	7.1 Бірінші қағидат дәлелденді, өйткені жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің

негізгі қағидаттар	7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындау негізінде «құқықтық құзыреттілік» ұғымының ғылыми анықтамасы (құқықтық құзыреттілік – адамның өзінің әлеуметтік мінез-құлқын құқықпен және қоғамда қолданылатын басқа да нормалармен оңшеуге мүмкіндігі мен ұмтылысын анықтайтын қабілеттер мен жеке-ерікті көзқарастардың жиынтығы) ұсынылған. 7.2 Жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені студенттердің құқықтық құзіреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделін тек теориялық тұрғыда ғана емес, тәжірибелік-эксперименттік негізде дәлелдеп, педагогикалық шарттардың тиімділігін нақты өлшемдер мен көрсеткіштер арқылы айқындауымен ерекшеленеді. 7.3. Ия, техникалық факультет студенттерінің құқықтық құзіреттілігін қалыптастыруда дәстүрлі білім беру тәсілдерін ғана емес, цифрлық трансформация мен тәжірибелік-эксперименттік негізде әзірленген педагогикалық шарттарды кіріктіре отырып, бұрынғы зерттеулерде қарастырылмаған тың ғылыми-практикалық шешім ұсынуымен жаңалығын дәлелдейді. 7.4. қолдану деңгейі кең; техникалық факультет студенттерінің құқықтық құзіреттілігін қалыптастыруда тек оқу процесінде ғана емес, ғылыми-зерттеу, өндірістік практика, әлеуметтік жобалар мен цифрлық ортада да тиімді қолданылып, әртүрлі білім беру контекстінде әмбебап сипатқа ие екендігін көрсетеді. 7.5 Ия. Мақалада дәлелденген. Бірінші қағидат автордың жарияланған 13 ғылыми еңбегінде, оның ішінде Scopus дерекқорына кіретін шетелдік басылымдағы 1 мақалада көрініс тапқан. 7.1 Екінші қағидат дәлелденді, өйткені жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары (аксиологиялық)
-----------------------	--	---

			әлеуметтік-мәдени, ақпараттық-семиотикалық, жүйелілік, тұлғааралық, құзыреттілік, интегративтік, рефлексивтік, технологиялық) мен ұстанымдарын (жүйелік-бірізділік, құрылымдық функционалдық бірлік, дәстүрлі және инновациялық сәйкестік) құқықтық құзыреттілікті қалыптастыру арқылы жүзеге асырумен сипатталған және модернизация идеялары (нормативтік-құқықтық құжаттарының негіздерін білу), әлеуметтік ортаға бейімделу (білім беру процесі кезеңінде студенттердің өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ете білу) нақтыланған. 7.2 Жоқ. Қағидат тривиалды емес, құқықтық құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделін тәжірибелік-эксперименттік негізде айқындап, педагогикалық шарттардың тиімділігін нақты өлшемдер арқылы көрсетумен тривиалды емес екендігін дәлелдейді. 7.3. Ия. Екінші қағидат жаңа, дәстүрлі тәсілдерден бөлек, цифрлық трансформация мен тәжірибелік негізде әзірленген педагогикалық шарттарды кіріктіріп, бұрынғы зерттеулерде қарастырылмаған тың ғылыми шешім ұсынуымен жаңалығын дәлелдейді. 7.4. қолдану деңгейі кең; оқу процесінен тыс ғылыми-зерттеу, өндірістік практика, әлеуметтік жобалар мен цифрлық ортада да тиімді қолданылып, әмбебап сипатқа ие екендігін көрсетеді. 7.5 Ия. Мақалада дәлелденген. Екінші қағидат ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған 2 мақалада дәлелденген. 7.1 Үшінші қағидат дәлелденді, өйткені жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары әзірленген. 7.2 Жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұндық үлгісі тек қарапайым теориялық тұжырым емес, тәжірибелік өлшемдер арқылы
--	--	--	--

дәлелденген күрделі мағыналы мақалалар жүйесі ретінде ықпалданы. 7.3. Ия. Үшінші қағидат және, мағарық ора мен мағарық ресурстары кіріктіре отырып, бұрынғы еңбектерге қарастырылмаған тын ғылыми-практикалық бағыт ұсынады.

7.4. Колдану деңгейі кен; мағұны оқу процесінде бөлек кәсіби практика, әлеуметтік жабалар және мағарық-коммуникациялық кеңістікте де тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

7.5 Ия. Мақалада дәлелденген. Екінші қағидат ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған 2 мақалада дәлелденген.

7.1 Төртінші қағидат дәлелденді, өйткені жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың мағұндық-құрылымдық моделі жасалып, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері анықталды.

7.2 Жок. Қағидат тривиялды емес, өйткені модельдің жүйелік, тұтаға бағытталған, іс-әрекеттік және аксиологиялық тәсілдерге сүйенуі оны қарапайым тұжырымнан бөлек күрделі ғылыми-педагогикалық шешім ретінде айқындайды.

7.3. Ия. құрылымдық-мағұндық модель алғаш рет құқықтық құзыреттілікті қалыптастырудың үш компонентін біртұтас жүйе ретінде біріктіріп, тын ғылыми жаңалық ұсынды.

7.4. колдану деңгейі кен; модельдің критерийлері мен көрсеткіштері оқу процесінде ғана емес, кәсіби дайындық, әлеуметтік тәжірибе және бағалау жүйелерінде де қолданыс табады.

7.5 Ия. Мақалада дәлелденген.

Үшінші қағидат ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған 2 мақалада және 1 электрондық оқу құралында дәлелденген.

7.1 Бесінші қағидат дәлелденді, өйткені жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру «Құқықтық құзыреттіліктік

			калыптастырудың педагогикалық негіздері» атты тест сұрақтары мен жағдаяттық тапсырмалар, «Основы правовых знаний» элективті пәнінің оқу-әдістемелік кешені, «Құқықтық тақырыптағы жағдаяттық тапсырмалар жинағы» атты техникалық факультет студенттеріне арналған электрондық оқулықтар жоғары білім беру практикаға енгізілген. 7.2 Жок. Қағидат тривиалды емес, өйткені «Основы правовых знаний» элективті пәнінің оқу-әдістемелік кешенін нақты мамандықтарға енгізу қарапайым тәсілден бөлек, күрделі ғылыми-педагогикалық шешім ретінде айқындалды. 7.3. Ия. Бесінші қағидат жаңа, құқықтық құзыреттілікті қалыптастыруда алғаш рет көлік, стандарттау және тамақ технологиясы мамандықтарына бейімделген элективті курс ұсынылып, тың ғылыми-практикалық жаңалық енгізілді 7.4. қолдану деңгейі кең; әзірленген оқу-әдістемелік кешен әртүрлі техникалық бағыттағы студенттерге қолданыс тауып, құқықтық білімді кең ауқымда дамытуға мүмкіндік берді. 7.5 Ия. Мақалада дәлелденген. Бесінші қағидат шетелдік және отандық ғылыми басылымдарда жарияланған 4 мақалада және 1 электрондық құралында дәлелденген
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жок	8.1 Ия. Диссертацияда дәйектілік қағидаты сақталған. Тақырыпқа қатысты дереккөздер мен ғылыми әдебиеттер зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде басшылыққа алынған. Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде берілген зерттеу әдістері жұмыстың мақсаты мен тақырыптық ерекшелігіне негізделген және зерттеу барысында тиімді қолданылған
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу	8.2 Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Зерттеу

		және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	нәтижелерін өңдеуде статистикалық әдістер пайдаланылды
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	8.2 Ия. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді). Тәжірибелік эксперимент С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің 6B08701 - «Аграрлық техника және технология», 6B07501- «Стандарттау, сертификаттау және метрология», 6B07201 – «Тамақ өнімдерінің технологиясы» білім беру бағдарламаларының 2 курс студенттерінің саны бойынша 64 сынаушылар контингенті іріктелген. Ғылыми нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген.
		8.4.Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыста маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді, дәйекті ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5.Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Автор 113 әдебиетті қолданған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	9.1 Ия. Диссертацияның теориялық маңызы бар. Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру теориялық-әдіснамалық тұрғыда зерттелген, «құқықтық құзыреттілік» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланған; жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалған. жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің

			құқықтық қалыптастырудың мазмұндық құрылымдық моделі ғылыми тұрғыдан дәйектелген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	9.2 Ия. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелерін жоғарғы оқу орындарының, колледждердің оқу-тәрбие үдерісінде, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру курстарында және орта білім беру жүйесінде, қосымша білім беру жүйесінде пайдалануға болады
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	9.3 Толығымен жаңа. Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Жоғарғы оқу орындарының, колледждердің оқу-тәрбие үдерісінде, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру курстарында және орта білім беру жүйесінде, қосымша білім беруде пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Жазу және ресімдеу сапасы талаптарға сәйкес келеді. Ғылыми тұжырымдардың сауатты ғылыми тілде жазылуы академиялық жазу сапасының жоғары деңгейін көрсетеді.
11	Диссертацияға ескертулер	Ізденушінің диссертациялық жұмысы жоғары оқу орындарының техникалық бағыттағы білім беру бағдарламасының білім алушыларының құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және қолданбалы міндеттерін шешуге бағытталған, сондықтан сапасы жоғары адам ресурстарға деген қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында зерттеу нәтижелерін барлық бағыттардағы білім беру бағдарламаларына енгізуді жүзеге асыру мүмкіндіктерін айқындау маңызды. Ізденушінің «Основы правовых знаний» атты оқу құралының әмбебаптық ғылыми-әдістемелік әлеуетін кеңінен қолдану қажеттілігі бар.	
	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі	Диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша 13 еңбек жарияланған: Scopus деректер базасына кіретін басылымда -1 мақала; Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен ғылыми басылымдарда - 4 мақала; шетелдік және отандық ғылыми басылымдардағы жарияланымдарда - 5 мақала; 1 оқу құралы; 2 электрондық оқулық жарыққа шыққан.	
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің	Ізденуші Б.Б.Бермухамбетованың «Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбында орындалған диссертациясы дербес орындалған және болашақ	

	28-тармағына сәйкес)	мамандарды даярлаудың теориялық және қолданбалы міндеттерін шешуге елеулі үлес қосатын іргелі ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады. Ізденуші Ботагоз Булатовна Бермухамбетоваға 6D012000-Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге түйін жасаймын.
--	----------------------	--

Ресми рецензент:

п.ғ.д., Л.Н. Гумилев

атындағы ЕҰУ профессоры



Г.Ж. Менлибекова

Г.Ж. Менлибекова

